



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2018 ил 6 шілдесінде № 673

Астана к.

г. Астана

2019 жылы Ұлттық бірынғай тестілеуді ұйымдастыру
мен откізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 600 бүйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың ұлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бүйрығымен бекітілген Ұлттық бірынғай тестілеуді өткізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) осы бүйрыққа 1-косымшаға сәйкес жоғары оқу орындарына ақылы оқуға түсін ағымдағы жылғы орта білім беру ұйымдарының 11 (12) сынып бітірушілерінен ұлттық бірынғай тестілеуге (бұдан әрі – ҰБТ) қатысуға құжат (өтініш) қабылдау және өткізу үшін ҰБТ өткізу пункттерінің (бұдан әрі – ҰБТӨП) тізбесі;

2) осы бүйрыққа 2-косымшаға сәйкес 2018-2019 оку жылында жоғары оқу орындарына бірінші академиялық кезең аяқталғанға дейін қабылданған тұлғалардан, сондай-ақ шығармашылық дайындықты талап ететін және басқа мамандықтарға ауысуға ниет білдірген білім алушылардан құжат (өтініш) қабылдайтын желілік жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) және ҰБТ өткізілетін пункттер тізбесі анықталсын.

2. ЖОО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары ҰБТӨП-пен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорныны (бұдан әрі - Ұлттық тестілеу орталығы) әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуге сәйкес қалыптастырылған аудиториялар қорының жоспарын 2018 жылғы 10 желтоқсанға дейін ұсынсын.

3. Ұлттық тестілеу орталығы (Р. Әлімқұлов):

1) ҰБТ-ға өтініш қабылдауды Қағидаларда белгіленген мерзімге сәйкес ұйымдастырысын және ҰБТ-ға қатысушылардың деректер базасын қалыптастырысын;

2) ҰБТӨП өткізу пункттерінің техникалық қамтылуының бар болуы мен жарамдылығына мониторинг жүргізіп, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) 2018 жылғы 7 желтоқсанға дейін ақпаратты ұсынсын;

3) ЖОО-мен, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларымен бірлесе отырып, 2018 жылғы 7 желтоқсанға дейін Министрлікке бекіту үшін:

ҰБТӨП-тер бойынша мемлекеттік комиссия құрамын;

Министрлік өкілдері мен программистерінің тізімін;

апелляциялық комиссия төрағаларының тізімін;

Респубикалық апелляциялық комиссия құрамын;

4) ҰБТӨП-тердің ҰБТ-га дайындығы туралы ақпаратты 2018 жылғы 20 желтоқсанға дейін ұсынсын.

4. Министрліктің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (Т. Ешenқұлов) Министрлік өкілдері ретінде жіберуге үміткерлер тізімін 2018 жылғы 5 желтоқсанға дейін ұсынсын.

5. Министрліктің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (А. Тойбаев), Министрліктің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (З. Махсұтова) осы бұйрықты ЖОО-лар мен облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының назарына жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймагамбетовке жүктелсін.

7. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**



Е. Сағадиев